

№ 1 әдістемелік кеңестің хаттамасы

24.09.2025

Қатысқаны: 30

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары»

Күн тәртібінде:

1. Теория бөлімі: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» (әдіскер *И.А.Джанадилова*);
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесі» (әдіскер *И.А.Джанадилова*);
3. Практика бөлімі: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторингті толтыру» (әдіскер *И.А.Джанадилова*).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша теориялық бөлімде әдіскер И.А. Джанадилова «Балаларды ерте дамыту институтының» 2023 жылдың қаңтар айында шыққан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын толық түсіндірді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде айқындалған басты міндеттерінің бірі оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгерту болып табылады.

Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Осы нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді. Мониторинг педагогтің балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың игеруін бақылау;
- балаларға жасына сәйкес біліктер мен дағдыларды игерту;
- баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау;
- мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыру;
- педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыру.

Аталған әдістемелік ұсынымдар педагогтердің Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізуде әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;
- Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;
- мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін;
- диагностика жүргізу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын игеру деңгейін есептеу әдістерін;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің *критерийлері* (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін:

- 1) дене тәрбиесі (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) тіл дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған әлеммен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің мазмұнынан күтілетін нәтижелер болып табылады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау; әңгімелесу;

балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар.

Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық ал қалған топтарда бастапқы бақылаудан басталады. Ерте жас тобы Үлгілік бағдарлама мазмұнын алғаш рет игеріп отырғандықтан оларда бастапқы бақылау жүргізілмейді.

Басқа топтар (сыныптар) үшін Бастапқы бақылау алдыңғы жастың бақылау парақтарымен жүргізіледі (мысалы, ересек топ үшін ортаңғы топтың бақылау парақтары қолданылады). Ал аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін сол жасқа сәйкес бақылау парақтарымен

жүргізіледі. Әрбір бақылауды жүргізу кезінде бақылау парақтарында берілген орынға бастапқы, аралық немесе қорытынды алынып жатқан бақылау кезеңін жазып қою қажет болады.

2. Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесін түсіндірді:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жасалды (1 Қосымша).

Критерийлер көрсеткіштер ретінде кодпен берілген. Мысалы, «3-Ш.3.»Алғашқы жолдағы «3» саны баланың жасын білдіреді, яғни бала 3 жаста. Бас әріппен берілген «Ш» дегеніміз - «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуды» білдіреді. Келесі «3» саны «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша күтілетін нәтиженің ретін білдіреді.

Бақылау парақтары Excel форматта берілген (2 Қосымша), сонда алдымен оқу жылы, мониторинг алынып отырған топтың атауы, өткізу кезеңі мен мерзімі және балалардың аты жөні туралы мәліметтер толтырылады.

Бақылау парақтарында мониторингтің критерийлері (күтілетін нәтижелер) және соған сәйкес 3 индикатор берілген. Мысалы, кіші топ сөйлеуді дамыту бойынша төмендегі кестедегідей толтырылады, бір критерийге берілген 3 индикатордың біреуі (1 санымен) ғана белгіленеді де қалған индикаторларға ешқандай белгі қойылмайды.

Баланың аты-жөні	Критерийлер		
	жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады:		
	Индикаторлар		
	<i>анық айтады</i>	<i>кейбіреуін айтады</i>	<i>анық айта алмайды</i>
Серікбай Айдос		1	

Осылай барлық топтағы балалардың нәтижелерін қойып болған соң Excel бағдарламасы автоматты түрде әрбір индикатордың қорытындысын шығарады. Мұнда әрбір критерийдің бірінші индикаторы жоғары, екінші индикаторы орташа ал үшінші индикаторы төмен деңгейді білдіреді. Бақылау парағының төменгі жағында берілген ұяшықта балалар мен педагогтің Үлгілік бағдарламаның күтілетін нәтижесіне жетудің пайыздық көрсеткішін және одан төменде орналасқан жоғары, орташа, төмен ұяшықтарында балалардың біліктер мен дағдыларды игеру деңгейін автоматты түрде есептеп шығарады. Топтағы бала белгілі себептермен мектепке дейінгі ұйымға ұзақ уақыт келмеген немесе басқа да себептер болған кезде мониторинг жүргізілмейді немесе 3 индикаторға да ешқандай белгі қойылмайды. Excel форматта берілген қосымшалармен мониторингті жүргізу, мониторингті автоматты түрде жылдам есептеуге мүмкіндік береді.

1) Формула белгілерінің толық жазылуы және есептеу әдістемесі:

N – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша индикаторлардың жалпы саны. Саны балалар тізіміне сәйкес педагогтің белгілеген «1» сандарының қосындысынан шығады.

N₁ - жоғары деңгейдегі индикаторлар саны

N₂ – орташа деңгейдегі индикаторлар саны

N₃ – төмен деңгейдегі индикаторлар саны

2) Балалардың біліктері мен дағдыларын, құзыреттіліктерін қалыптастыруда педагогтің күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі:

$$\text{Жоғары нәтиже, \%} = \frac{N_1 * 100\%}{25}$$

$$\text{Орташа нәтиже, \%} = \frac{N_2 * 100\%}{25}$$

$$\text{Төмен нәтиже, \%} = \frac{N_3 * 100\%}{25}$$

3) Бағыттардың біріне негізделген критерийлер (өлшемшарттар) бойынша Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау формуласы:

$$\Phi_{\text{жоғары}} = \frac{(n1_{\phi 1} + n1_{\phi 2} + n1_{\phi 3} + \dots + n1_{\phi n})}{n}$$

$$\Phi_{\text{орташа}} = \frac{(n2_{\phi 1} + n2_{\phi 2} + n2_{\phi 3} + \dots + n2_{\phi n})}{n}$$

$$\Phi_{\text{төмен}} = \frac{(n3_{\phi 1} + n3_{\phi 2} + n3_{\phi 3} + \dots + n3_{\phi n})}{n}$$

Осылайша басқа кодтар бойынша жоғары, орташа, төмен деңгейлерді есептеуге болады.

Сонымен осылай әрбір критерийге берілген үш индикаторға сәйкес балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруін, өз білімін қолдана отырып, білік, дағдыларды игеруін, сондай-ақ балалар мен педагогтің күтілетін нәтижеге жету деңгейлерін анықтауға және баланың жеке даму картасын жүргізу үшін алдағы жұмысты жоспарлауға жалпы жеке баламен, топпен тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға болады.

Мониторингті осылай әрбір критерийдің индикаторларына сәйкес белгілеу, мониторингті шынайы жүргізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ топтың Үлгілік бағдарламаны игеруі бойынша толық нәтижесін көруге, Үлгілік бағдарлама мақсатына жетуге әрбір баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуға ықпал етеді.

Топтың мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйымның әдіскері Ехсел форматта берілген қосымшаға сәйкес (3 Қосымша) мектепке дейінгі ұйымның, содан соң аудандық білім бөлімдері мен облыстық білім басқармаларының әдіскерлері мен мамандары аудан, облыс бойынша мониторингті жасайды.

Топтың мониторинг нәтижелері негізінде оқу жылына Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке дамыту картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізеді.

Бастапқы бақылау нәтижесіндегі шаралар (дамытушы, түзету) қазан-желтоқсан, аралық бақылау нәтижесіндегі шаралар ақпан-сәуір, қорытынды бақылау нәтижесіндегі шаралар маусым-шілде айларында жүргізіледі.

Қорытындыға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі жазылады.

Жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп топ тәрбиешісі және мектепалды сыныптың тәрбиешісі дербес толтырады.

3. Үшінші сұрақ бойынша практика бөлімінде әдіскер И.А. Джанадилова мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторингісін толтыруды тәжірибе жүзінде көрсетті. Тәрбиешілер жұппен жұмыс жасап, ноутбукпен, Excel кестесінде мониторингті толтырып үйренді.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынсын;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесі бойынша барлық топтардың мониторингісі толтырылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Ж.Тлеумаганбетова

Ә.Мухамбетжанова

№ 2 әдістемелік кеңестің хаттамасы

14.11.2025

Қатысқаны: 28

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту бағыттары бойынша міндеттер»

Күн тәртібінде:

1. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша физикалық қасиеттерді дамыту (*тәрбиеші А.Боккарина*);
2. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша коммуникативтік дағдыларды дамыту (*тәрбиеші Г.Азирбекова*);
3. Искерлік ойын (*әдіскер И.А.Джанадилова*);
4. «Педагогтерге арналған жасанды интеллектінің түрлері» (*әдіскер И.А.Джанадилова*)

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша тәрбиеші А.Боккарина «Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша физикалық қасиеттерді дамыту» тақырыбында баяндама оқыды:

Физикалық қасиеттерді дамыту

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру болып табылады.

Міндеттері:

негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.

Күтілетін нәтижелер:

- әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді;
- шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді;

- белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды;
- заттардың бойымен, астымен еңбектейді;
- ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі;
- шананы жібінен сүйретеді, ойыншықтарды шанамен сырғанатады; допты нысанаға лақтырады;
- доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын меңгерген;
- шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады; қимылды ойындарды қуана ойнайды;
- қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіреді; бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындайды; бетін, қолдарын өз бетінше жуады;
- жеке заттарды қолданады;
- белгілі бір ретпен киінеді және шешінеді;
- үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын біледі.

Дене шынықтыру.

Негізгі қимылдар.

Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.

Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.

Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.

Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу.

Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.

Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында аяқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу.

Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.

Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.
Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).

Қимылды ойындар.

Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).

Спорттық жаттығулар.

Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.

Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.

Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.

Дербес қимыл белсенділігі.

Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.

Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.

Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.

Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.

Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.

Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.

2.Екінші сұрақ бойынша тәрбиеші Г.Азирбекова «Кіші және ортаңғы топтардағы коммуникативтік дағдыларды дамыту» тақырыбында баяндама оқыды:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;

дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;

қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;

кітаптарға қызығушылықты дамыту; пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт- дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

- ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді;
- жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады; ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары
- мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды;
- еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу- жабу, кию- шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді біледі;
- сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады;
- қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады; меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады; ересектердің сөзін түсінеді, өз ойын айтады;
- шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді;
- кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
- кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнайды; артикуляциялық жаттығуларды орындайды;
- көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды;
- бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды;
- оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады; таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды;
- кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді,
- ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін қарапайым түрде бере алады; педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады.

Сөйлеуді дамыту.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.

Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.

Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын:

ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен;

еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу- жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен;

заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.

Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен

таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.

Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.

Байланыстырып сөйлеу.

Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.

Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.

Көркем әдебиет.

Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.

Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.

Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.

Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.

Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.

Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.

Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.

3.Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова педагогтермен іскерлік ойынын ойнатты.

ТРЕНИНГ:

1. Қой (өмірдегі өзіңнің болмысын). 2. Жылқы (жұмыста әріптестерің көреді). 3. Тышқан (сенің қарсыласың) 4. Теңіз (сенің өмірің)
2. «Кім жылдам?» (екі командаға бөлінеді, бір-біріне екі таяқшалар арқылы шар береді)
3. «Кім епті?» (екі командаға бөлініп, дене мүшелерін атағанда көрсетеді, боулинг деген кезде кім бірінші алады, ойында сол қалады).

БАРЫСЫ:

1. Ашық ҰІӨ-ін талдау:

- Разработканы дұрыстап жазу, бағытын, міндеттерін ,ҰІӨ-нде қолданатын барлық әдіс-тәсілдерді толық, дұрыстап жазу, уақытында бекітіру;
- Әр ҰІӨ-ін өзіне сай етіп өткізу;
- Шығармашылық жұмыстарда (кұрастыру, жапсыру, сурет салу, мүсіндеу) үлгі беру;
- Баланы сөйлету;
- Тосын сәт ұйымдастыру, кейіпкер кіргізу;
- ЖИ қолдану;
- Қосымша мамандармен кіріктіру.

2. Үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс істеу:

- ҰІӨ-ін тізіп ,оқу,түсіндіру;
- Бағыттарды оқу,жаттау;
- Дене шынықтыру бойынша міндеттерді жазу, оқу;

- Тіл дамыту, көркем әдебиет бойынша міндеттерді жазу, оқу.

3. Құзыреттілік, тірек, «Жасыл балабақша» семинары бойынша жаңалықтар:

- ❖ Құзыреттілік бойынша наурызда аудандық семинар тақырыбы: «Этнопедагогика» - жауапты топтар (ересек, МАД, ортаңғы). Тапсырма: әр апта сайын 1 мақал-мәтел, 1 жаңылтпаш, 1 жұмбақтан жасттап, 1 ұлттық ойын, 1 салт-дәстүрден айтып, үйретіп отыру.
- ❖ «Жасыл балабақша» жобасы бойынша жауапты топтар: ортаңғы топтар. Тапсырма: аптасына 1 рет тәжірибе жұмысын жасау. Терезенің алдына бақша әзірлеу.

4. Жасанды интеллект туралы айту.

Жауапты: Жеңісгүл Сейілхан, Азирбекова Гүлнұр, Толыбайқызы Ақмарал, Аманғалиева Ақгүл, Тұрмағанбет Ақгүл, Боккарина Асылгүл, Оспан Тұрсын, Мусина Айбану, Нұрзат Мұхтарқызы, Изтлеуова Ғалия, Мухамбетжанова Әсима, қосымша мамандар.

4.Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова «Педагогтерге арналған жасанды интеллектінің түрлері» тақырыбында түсіндірі, жасанды интеллектіні жұмыста қолдануды үйретті.

ChatGPT (OpenAI)

Мақсаты: мәтін жазу, сұрақтарға жауап беру, идея ұсыну, мазмұн талдау.

Тегін нұсқасы: ChatGPT 3.5 нұсқасы [openai.com](https://chat.openai.com) және мобильді қосымша арқылы тегін қолжетімді.

Сілтеме: <https://chat.openai.com>

Қалай пайдалануға болады:

Тақырыптық эссе жазуға көмек;

Резюме немесе хат үлгісін дайындау;

Жоспар, сценарий, идея генерациялау;

Қарапайым кодтау және аударма сұраныстары.

Copilot

Мақсаты: интернеттегі нақты ақпаратпен жұмыс істеу.

Тегін нұсқасы: Microsoft Edge браузері арқылы қолжетімді.

Сілтеме: <https://copilot.com>

Қолданыс:

Жаңалықтар мен деректерді нақты уақыт режимінде табу;

Сілтемесімен бірге жауап алу;

Талдау, салыстыру, дәйексөздермен мазмұн шығару.

Google Gemini (бұрынғы Bard)

Мақсаты: мәтіндік және визуалды сұраныстармен жұмыс.

Тегін нұсқасы: google.com сайтында тіркелмей қолдануға болады.

Сілтеме: <https://gemini.google.com>

Артықшылықтары:

Google іздеу жүйесімен тікелей байланысқан;

Мәтін мен суретті қатар талдай алады;

Суреттерді сипаттап, түсіндіріп береді.

ЖИ құралдарын тиімді пайдалану үшін кеңестер:

- Нақты, қысқа әрі түсінікті сұрақ қойыңыз;
- Қай тілде жауап алғыңыз келсе, сол тілде жазыңыз;
- Бірнеше рет сұранысты түрлендіріп көріңіз (айтылымды өзгерту, нақтылау);
- Құпия ақпаратты енгізбеңіз;

Мәтіннің барлығын тексеріп, адам ретінде редакциялауды ұмытпаңыз.

Жасанды интеллект құралдары бүгінде шығармашылық, білім, жұмыс және жеке өмір салаларында көмекші құралға айналды. Ең бастысы — дұрыс қолдану мен жауапкершілікпен пайдалану. Төмендегі құралдардың барлығының тегін нұсқасы бар, ал мүмкіндіктері күн санап артып келеді. Бұл технологиялардан шет қалмай, оларды күнделікті жұмысқа бейімдеген жөн.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу;
2. Жасанды интеллектіні балабақшаның оқыту және тәрбиелеу үдерісіне енгізу.

Төрайымы:

Хатшы:



Ж.Тлеумаганбетова

Ә.Мухамбетжанова

№ 3 әдістемелік кеңестің хаттамасы

16.01.2026

Қатысқаны: 28

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағыттары бойынша міндеттер»

Күн тәртібінде:

1. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту (*тәрбиеші Н.Мұхтарқызы*);
2. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту (*тәрбиеші Ә.Мухаметжанова*);
3. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру (*тәрбиеші А.Толыбайқызы*);
4. Іскерлік ойын (*әдіскер И.А.Джанадилова*).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша тәрбиеші Н.Мұхтарқызы «Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» тақырыбында баяндама оқыды:

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Міндеттері:

заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;

сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;

сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;

эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;

тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды;

теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие;

екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады;

бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады;

шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады;

геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды;

геометриялық фигураларды көру және сипат сезу арқылы зерттейді;

сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды;

тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі;

"бүгін", "кеше", "ертең" ұғымдарын ажыратады;

кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды;

берілген бағытта қозғалады;
қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады.

Математика негіздері.

Жиын.

Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.

Сан, санау.

5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.

Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету.

5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.

Шама.

Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.

Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.

204. Геометриялық фигуралар.

Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).

Кеңістікті бағдарлау.

Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).

Уақытты бағдарлау.

Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.

2. Екінші сұрақ бойынша тәрбиеші Ә.Мұхамбетжанова «Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» тақырыбында баяндама оқыды:

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады.

Мақсаты балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау болып табылады.

Міндеттері:

түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;

өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;

өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;
қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;
өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту;

қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;
балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну;
балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

сурет салу бойынша:

жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады;
қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады;
заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады;
қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады;
қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды;
сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады;
суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі;
қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді;
бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттейді;
әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді;
өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды;
мүсіндеу бойынша:
мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды;
ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді;

мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді;
бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады;
мүсіндеуде қысу, тарту, басу тәсілдерін қолданады;
мүсіндеуде кескішті қолданады;
ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады;
ұжымдық жұмысқа қатысады;
қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылық танытады;
мүсіндейтін затты қолына алып, зерттейді оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады;
мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтайды;
жапсыру бойынша:
қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады;
қысқа және ұзын жолақтарды қияды;
текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды;
жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қияды;
бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді;

қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен желімдейді;

ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді;

ұжымдық жұмыстарды орындауға қатысады;

заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады;

жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды;

құрастыру бойынша:

құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады;

заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды;

құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды;

дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды;

өз бетінше ойдан құрастырады;

қағаз парағын түрлендіреді;

бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады;

"оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады;

қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі;

табиғи және қалдық заттардан құрастырады;

заттарды өз бетінше таңдап, ойдан композиция құрастырады;

құрастыруда шығармашылық танытады;

музыка бойынша:

музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды);

таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады;

тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі;

қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды;

әнді мәнерлеп, созып, қимылдармен үйлестіріп (ре-си бірінші октава шегінде) айтады;

қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі;

әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;

әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды;

марш сипатын ырғақты жүрумен береді, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен береді;

музыканың ырғағымен жүреді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді;

музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді;

музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды;

қимылдарды орындауда шапшандық пен ептілік танытады;

музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;

ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады, би қимылдарын орындайды;

музыка жанрларын анықтайды;

ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнайды.

Сурет салу.

Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.

Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.

Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.

Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: "құс қанаты", "бұршік", "қызғалдақ", "қошқар мүйіз", "қой ізі", "құс тұмсық", "бота мойын", "ботакөз",

"ирек", "су" суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.

Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).

Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.

Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.

Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.

Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Мүсіндеу.

Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.

Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.

Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.

Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.

Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.

Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.

Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Жапсыру.

Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.

Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.

Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.

Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.

Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.

Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.

Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.

Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.

Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.

Құрастыру.

Құрылыс материалдарынан, "лего" конструкторлардан құрастыру

Орналасыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналасыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.

Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.

Қағаздан құрастыру.

Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, "оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.

Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.

Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

3. Үшінші сұрақ бойынша тәрбиеші А.Толыбайқызы «Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты жалпы адами нормалар мен ережелер және экологиялық білім негізінде тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;

отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;

туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;

танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру;

табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру;

қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.

Күтілетін нәтижелер:

бала өзінің "Мен" бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатады;

өзінің туған жерін біледі және атайды;

отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі;

әскердің міндеті туралы түсініктерге ие;

отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытады;

жақын туыстарын біледі, олардың есімдерін атайды, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелейді;

еңбек етуге қызығушылық танытады;

тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады;

бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді;

ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектеседі;

кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды;

ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытады;

өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытады;

басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөліседі;

айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіреді;

ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрайды;

материалды ескере отырып, заттар мен нысандарды таниды;

ойыншықтарға, кітаптарға, ыдыстарға ұқыпты қарайды;

кейбір мамандықтардың маңызын, атауларын біледі;

Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды;

өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады;

жолда жүру ережелерін біледі;

көлік түрлері мен жол түрлерін атайды;

қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі;

мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым-қатынас негіздерін біледі;

ересектердің әңгімесіне араласпайды;

сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтады;

өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларына ие;

көшеде, аулада, алаңда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;

қоршаған ортадағы қарапайым мінез-құлық ережелерін біледі, сақтық танытады;

табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады;

бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді;

ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады;

жабайы аңдарды, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін біледі;

өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсінеді;

жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі;

өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым әдістерін біледі;

қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік танытады;

қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтайды.

Қоршаған ортамен таныстыру.

Бала, оның отбасы, үй.

Баланың "Мен" бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру ("Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын"). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.

Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға

үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.

Заттық әлем.

Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.

Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.

Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

Байланыс және қозғалыс құралдары.

Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.

Еңбекке баулу.

Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.

Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, төрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.

Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.

Менің Отаным – Қазақстан.

Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.

Жолда жүру ережелері.

Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.

Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, "Жаяу жүргінші өткелі", "Қоғамдық көлік аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.

Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.

Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.

Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.

Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.

Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.

Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.

Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.

Өсімдіктер әлемі.

Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.

Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.

Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).

Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.

Жануарлар әлемі.

Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.

Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.

Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.

Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.

Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.

Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.

Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.

Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.

Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде

және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).

4.Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова педагогтермен іскерлік ойынын ойнатты.

ТРЕНИНГ:

1. Шеңбер – әңгіме;
2. «Жылдың 4 мезгілі»
3. Әншашу. (шеңбер бойымен, әріптер А, Ә, Б, Д, Ж,К, Г, М, Н, П,Р,С,Т)
4. Тренд билеу. (шеңбер бойымен бір-біріне)
5. «Кім шапшаң?» доппен ойын.

3 топқа бөлу:

Тапсырмалар: ортаңғы, ересек, МАД

1. Таным,мақсат, міндеттері, күтілетін нәтиже. Математика негіздері: жиын, сан және санау, шама, геометриялық фигуралар, кеңістікті бағдарлау, уақытты бағдарлау. (пицца тәсілі арқылы жазу)
2. Шығармашылық: сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (көбелек тәсілі)
3. Қоршаған әлеммен таныстыру: бала,оның отбасы, үйі; заттық әлем, кеңістікті бағдарлау, көлік,байланыс құралдары, еңбекке баулу, адамгершілік және патриоттық тәрбие, жол қозғалыс ережелері, табиғатпен таныстыру, өсімдіктер әлемі, жануарлар әлемі

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу;
2. Жасанды интеллектіні балабақшаның оқыту және тәрбиелеу үдерісіне енгізу.



Ж. Тлеумаганбетова
Ө. Мухамбетжанова

Ж. Тлеумаганбетова

Ө. Мухамбетжанова